

**Балаларға қосымша білім беру педагогтеріне арналған
«Ішекті-ысқылы аспаптарда ойнау дағдыларын қалыптастыру
және дамыту ерекшеліктері» біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы**

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Балаларға қосымша білім беру педагогтеріне арналған «Ішекті-ысқылы аспаптарда ойнау дағдыларын қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) балаларға қосымша музыкалық білім беруді дамытуға және әрі қарай жетілдіруге қатысты сұрақтарды, педагогтердің теориялық, практикалық білімдерін, іскерліктерін жаңартуды және кәсіби дағдыларын кеңейтуді, оларға әдістемелік көмек көрсетуді қамтиды.

2. Біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (бұдан әрі – Курс) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін талдау негізінде әзірленді.

3. Бағдарлама музыкалық білім беруді іске асыратын қосымша білім беру ұйымдары педагогтері мен бейіні бойынша мамандарының кәсіби және педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге бағытталған.

4. Бағдарлама оқыту бағдарламаларын жүргізу әдістемелерін дамытуға және жетілдіруге, ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауды оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін қолдану арқылы педагогтердің музыкалық шығармашылығын танытуға ықпал етеді.

5. Бағдарлама өзекті, білім алушылардың музыкалық шығармашылығын дамыту саласындағы жалпымемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді, балаларды мәдениет негіздеріне тартуға, баланың жеке басының мәдени-құндылықтық бағдарлар мен бала тұлғасының рухани-адамгершілік негізін қалыптастыруға, эмоцияларды, сезімдерді, ойлау және әлеуметтік бейімделу тетіктерін дамытуға бағытталған.

Бағдарлама әлемдік трендтермен байланысты, жасанды интеллект (ЖИ) және цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалану сияқты оқытудың инновациялық әдістері, білім алушыларға жеке көзқарас, музыкалық таланттарын жас кезінен бастап дамытуға және музыка саласында ғана емес, табысты мансап үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2-бөлім. Глоссарий

6. Бағдарламада қолданылатын ұғымдар:

- 1) аккомпанемент – бір немесе одан көп жеке дауыстарды аспаптық немесе вокалдық сүйемелдеу;
- 2) ансамбль – бірлескен ойын немесе ән (мысалы, дуэт, трио, квартет, квинтет және т. б.). Оркестр ансамбль түрлерінің бірі болып табылады;
- 3) виолончель – ысқылы музыкалық аспап;
- 4) гамма – дыбыстары тониктен оның октавалық қайталануына дейін жоғары немесе төмен биіктікте орналасқан мақам;
- 5) гармониялық интервал – дыбыстары бір мезгілде алынған интервал;
- 6) гармониялық ырғақ – бір-бірін үйлесім ететін жылдамдық;
- 7) дирижер – ансамбльдік (оркестрлік, хор, опера және т. б.) музыканы үйрену және орындау жетекшісі;
- 8) дыбыс ырғағы – вокалды немесе музыкалық аспапта дыбыстық тонды таза ойнату мүмкіндігі;
- 9) джаз гармониясы – музыка теориясы, джаз музыкасында аккордтарды қолдану теориясы мен практикасы;
- 10) квест (ағылш. «Quest – іздеу») – әр түрлі жұмбақтар мен логикалық тапсырмаларды шешуден тұратын сюжеттік желісі бар интерактивті ойын;
- 11) кластер – бір-біріне іргелес бірнеше дыбыстардан тұратын диссонантты үндестік;
- 12) музыкант – музыканы орындаушы: аспапшы, вокалист немесе дирижер;
- 13) музыкалық есту қабілеті – адамның музыкалық дыбыстардың жеке қасиеттерін: биіктігін, дыбысын, тембрін қабылдау қабілеті, музыкалық жүйе мен музыкалық шығармалардағы дыбыстар арасындағы функционалдық байланысты сезу қабілеті. Музыкалық есту қабілеті музыкалық-практикалық қызметте дами алады. Музыкалық есту қабілетінің бірнеше түрі бар: абсолютті, салыстырмалы, ішкі және т. б.;
- 14) музыкалық диктант – бір дауысты немесе көп дауысты музыкалық үзіндіні есту арқылы ноталарды жазу;
- 15) музыка теориясы – бастапқы музыкалық грамматика негіздерін, музыкалық шығармаларды құру принциптерін, музыкалық сауаттылықтың негізгі ұғымдарын зерттейтін пән;
- 16) музыка әдебиеті – композиторлардың шығармашылық қызметі мен өмірбаянын зерттейтін музыкалық дүниетанымның кеңеюіне ықпал ететін пән;
- 17) негізгі белгілер – ноталық станның басында қойылатын және тоналдығын көрсететін бемольдер мен диездер;
- 18) перне (лад) – тоникамен біріктірілген тұрақты және тұрақсыз қадамдар жүйесі;
- 19) пиццикато – ішекті ысқылы аспаптарда ойнау техникасы, дыбыс ысқымен емес, ішекті шертуден шығарылған кезде, ысқымен ойнағаннан гөрі дыбысты жұмсақ әрі тыныш етеді.
- 20) ішекті-ысқылы музыкалық аспаптар – ішектері арқылы үн шығаратын музыкалық аспаптар тобы. Көптеген халықтық ішекті-ысқылы аспаптар бар.

Заманауи академиялық музыкада төрт ішекті-ысқылы аспаптар қолданылады: скрипка, альт, виолончель, контрабас.

3-бөлім. Бағдарлама тақырыптары

7. Бағдарлама төрт модульден тұрады:

- 1) нормативтік құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) теориялық-технологиялық;
- 4) практикаға бағдарланған.

8. Нормативтік құқықтық модуль балаларға қосымша білім берудің заңнамалық, нормативтік құқықтық базасын жаңарту мәселелерін ашады.

Модульдің тақырыптары:

- 1) балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері;
- 2) Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегі;
- 3) қосымша білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі.

9. Психологиялық-педагогикалық модуль жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды тәрбиелеудің, бала тұлғасын дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері туралы білімдерін жетілдіруді болжайды, музыкалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын игеру кезінде білім алушылардың психологиялық жайлылығы мәселелерін қарайды.

Модульдің тақырыптары:

- 1) шығармашылық үдерісте балалардың жеке басының жағымды қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық құралдары;
- 2) білім алушылардың музыкалық білім беруде Soft skills дағдыларын қалыптастыру;
- 3) ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауға үйретудің шығармашылық, педагогикалық және психологиялық аспектілері;
- 4) музыкалық шығармашылық арқылы эмоциялық интеллектіні дамыту.

10. Теориялық-технологиялық модуль дәстүрлі және жаңа педагогикалық, инновациялық технологияларын, музыкалық қызметтің мазмұны мен нысандарын, оларды қолдану ерекшеліктерін ашады.

Модульдің тақырыптары:

- 1) техниканы дамыту және жаттығулармен, гаммалармен, этюдтермен жүйелі жұмыс істеу;
- 2) музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің заманауи үрдістері: тәжірибе, проблемалар, перспективалар;
- 3) балаларға қосымша музыкалық білім беру жүйесіндегі құзыреттілікке бағдарланған білім беру;

4) музыкалық білім беруде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану.

11. Практикаға бағдарланған модуль балаларға қосымша музыкалық білім беру бойынша практикалық сабақтар барысында игерілуі мүмкін инновациялық жобаларды іске асыруға, практикаға бағдарланған білімге көшу жағдайында педагогикалық қызметті жетілдіруге ықпал етеді.

Модульдің тақырыптары:

- 1) ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауға заманауи оқытудың ерекшеліктері;
- 2) орындаушылық техниканы қалыптастыру әдістемесі. Дыбыс және дыбыс шығару мәдениеті;
- 3) ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауды үйретуде STEAM технологиясын қолдану;
- 4) ішекті аспаптар – оркестрдің іргетасы, музыкантты қалыптастыруда ансамбльдік ойынның рөлі мен дамуы;
- 5) ішекті-ысқылы аспаптар сыныбындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс нысандары мен әдістері;
- 6) штрихтар – ішекті аспаптарда ойнаудың негізгі орындаушылық элементі;
- 7) сол қолды ішекті-ысқылы аспаптарға қою ерекшеліктері;
- 8) ішекті аспаптарда мәнерлі орындаудың негізі ретінде оң қолдың үйлестіру қимылдарының даму ерекшеліктері;
- 9) гаммамен жұмыс;
- 10) қос ноталарды орындау кезіндегі техникалық міндеттер;
- 11) жобаны қорғау. Тестілеу.

12. Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі қосымша білім беру педагогтерін жасанды интеллект (ЖИ) және цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалану, балаларды оқытуға жеке тәсілдерді қолдану, ішекті-ысқылы аспаптар сыныбында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс нысандары мен әдістері, тек музыка саласында ғана емес, табысты мансап үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беру үшін музыкалық таланттарды ерте жастан дамыту сияқты инновациялық әдістерге оқытуда.

Талдау көрсеткендей, Бағдарламаның балаларға қосымша білім беру жүйесінде баламасы жоқ, бұл бірегей бағдарлама.

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

13. Бағдарлама мақсаты: балаларды ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауға үйрететін педагогтер мен бейіні бойынша мамандардың білімдерін жаңарту және кәсіби шеберліктерін жетілдіру.

14. Бағдарламаның міндеттері:

1) балаларға музыкалық бағытта қосымша білім беру педагогтері мен бейіні бойынша мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамыту;

2) балаларға музыкалық бағытта қосымша білім берудегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердегі жаңартулармен тыңдаушыларды таныстыру;

3) ішекті-ысқылы аспаптардың әр алуан түрлеріне кіріктірілген тәсілдерді енгізу;

4) ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауды үйретуде педагогикалық қызметтің жекелеген компоненттерін немесе тұтас білім беру үдерісін жобалау;

5) әр баланың өз шамасын дамытуда белсенді, дербес және өнімді қызметі үшін жағдайлар жасау;

б) педагогтерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

15. Күтілетін нәтижелер. Курс соңында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандарының білімдері жаңартылады және кәсіби құзыреттіліктерінің дағдылары жетілдіріледі.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім берудің жай-күйі мен даму перспективаларын;

балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздерін;

білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын;

жаттығулар, гаммалар, этюдтармен жұмыс техникаларын біледі;

2) меңгереді:

балалардың ақпаратты қабылдау қабілетін бағалау және баланың жағдайын психологиялық-педагогикалық болжау үшін психологиялық-педагогикалық негіздерді пайдалануды;

ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін, музыкалық білім беруде жасанды интеллектің педагогикалық технологияларын пайдалануды;

қазіргі заманғы балалардың жас ерекшеліктерін және педагогикалық стильдегі тұлғаға бағдарланған тәсілді ескере отырып, оқытуды ұйымдастырудың әдістемесі мен логикасын практикада қолдануды;

балаларға қосымша білім беру ұйымдарында оқытудың шығармашылық, педагогикалық және психологиялық аспектілерін, педагогикалық өзара іс-қимылдың ерекшеліктерін дамытуды;

музыкалық бағыттағы балаларға қосымша білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарын іске асыруды меңгереді;

3) дағдыланады:

ішекті-ысқылы аспаптарда музыка орындаушылық дағдыларын;

музыкалық білім беру мен тәрбиенің заманауи үрдістерін;

жасанды интеллектің педагогикалық технологияларын және музыкалық шығармашылықты дамытудағы цифрландыруды;

ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауды үйрету үдерісінде заманауи интерактивті технологияларды қолдануды біледі.

16. Бағдарламаның практикалық маңыздылығы тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерін жетілдіру және жасанды интеллект (АИ) пен цифрландыру мүмкіндіктері, балаларды оқытуға жеке тәсілдерді қолдану сияқты инновациялық оқыту әдістерін пайдалану арқылы алған білімдерін практикалық жұмыста қолдану болып табылады. Бұл балаларға ерте жастан музыкалық таланттарды дамытуға және табысты өмір сүруге қажетті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

17. Бағдарламаның құрылымы:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) глоссарий;
- 3) Бағдарлама тақырыптары;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу процесін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі қолдау;
- 10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

18. Теориялық және практикалық 80 академиялық сағаттар саны көрсетілген Бағдарлама жоспары.

№	Модульдер	Сағаттар	Теория	Практика
1	Нормативтік құқықтық модуль			
1.1	Курсқа кіріспе. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегі	2	2	0
1.2	Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
1.3	Қосымша білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі	2	2	0
2	Психологиялық-педагогикалық модуль			
2.1	Шығармашылық үдерісте балалардың жеке басының жағымды қасиеттерін	2	0	2

	қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық құралдары			
2.2	Білім алушылардың музыкалық білім беруде Soft skills дағдыларын қалыптастыру	2	0	2
2.3	Ішекті-ысқылы аспаптарды ойнауға үйретудің шығармашылық, педагогикалық және психологиялық аспектілері	2	2	0
2.4	Музыкалық шығармашылық арқылы эмоциялық интеллектіні дамыту	2	0	2
3	Теориялық-технологиялық модуль			
3.1	Техниканы дамыту және жаттығулармен, гаммалармен, этюдтермен жүйелі жұмыс істеу	6	4	2
3.2	Музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің заманауи үрдістері: тәжірибе, проблемалар, перспективалар	4	2	2
3.3	Балаларға қосымша музыкалық білім беру жүйесіндегі құзыреттілікке бағдарланған білім беру	4	2	2
3.4	Музыкалық білім беруде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану	4	2	2
4	Практикаға бағдарланған модуль			
4.1	Ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауға заманауи оқытудың ерекшеліктері	4	2	2
4.2	Орындаушылық техниканы қалыптастыру әдістемесі. Дыбыс және дыбыс шығару мәдениеті	6	2	4
4.3	Ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауды үйретуде «STEAM» технологиясын қолдану	4	2	2
4.4	Ішекті аспаптар - оркестрдің іргетасы. Музыкантты қалыптастырудағы ансамбльдік ойынның рөлі мен дамуы	6	2	4
4.5	Ішекті-ысқылы аспаптар сыныбындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу нысандары мен әдістері	4	0	4
4.6	Штрихтар- ішекті аспаптарда ойнаудың негізгі орындаушылық элементі ретінде.	4	2	2
4.7	Сол қолды ішекті-ысқылы аспаптарға	4	0	4

	қою ерекшеліктері			
4.8	Ішекті аспаптарда мәнерлі орындаудың негізі ретінде оң қолдың үйлестіру қимылдарының даму ерекшеліктері.	4	0	4
4.9	Гамма бойынша жұмыс.	4	0	4
4.10	Қос ноталарды орындау кезіндегі техникалық міндеттер	4	2	2
4.11	Жобаны қорғау. Тестілеу	4	0	4
	Барлық сағат	80	30	50

19. Теориялық және практикалық 40 академиялық сағаттар саны көрсетілген Бағдарлама тақырыптары.

№	Модульдер	Сағаттар	Теория	Практика
1	Нормативтік құқықтық модуль			
1.1	Курсқа кіріспе. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегі	2	2	0
1.2	Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
1.3	Қосымша білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі	2	2	0
2	Психологиялық-педагогикалық модуль			
2.1	Шығармашылық үдерісте балалардың жеке басының жағымды қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық құралдары	2	0	2
2.2	Білім алушылардың музыкалық білім беруде Soft skills дағдыларын қалыптастыру	2	0	2
2.3	Ішекті-ысқылы аспаптарды ойнауға үйретудің шығармашылық, педагогикалық және психологиялық аспектілері	2	2	0
2.4	Музыкалық шығармашылық арқылы эмоциялық интеллектіні дамыту	2	0	2
3	Теориялық-технологиялық модуль			
3.1	Техниканы дамыту және жаттығулармен, гаммалармен,	2	2	0

	этиодтермен жүйелі жұмыс істеу			
3.2	Музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің заманауи үрдістері: тәжірибе, проблемалар, перспективалар	2	2	0
3.3	Балаларға қосымша музыкалық білім беру жүйесіндегі құзыреттілікке бағдарланған білім беру	2	2	0
4	Практикаға бағдарланған модуль			
4.1	Ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауға заманауи оқытудың ерекшеліктері	4	2	2
4.2	Орындаушылық техниканы қалыптастыру әдістемесі. Дыбыс және дыбыс шығару мәдениеті	2	0	2
4.3	Ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауды үйретуде «STEAM» технологиясын қолдану	2	2	0
4.4	Ішекті аспаптар - оркестрдің іргетасы. Музыкантты қалыптастырудағы ансамбльдік ойынның рөлі мен дамуы	2	2	0
4.5	Ішекті-ысқылы аспаптар сыныбындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу нысандары мен әдістері	2	0	2
4.6	Штрихтар- ішекті аспаптарда ойнаудың негізгі орындаушылық элементі ретінде.	2	0	2
4.7	Сол қолды ішекті-ысқылы аспаптарға қою ерекшеліктері	2	0	2
4.8	Ішекті аспаптарда мәнерлі орындаудың негізі ретінде оң қолдың үйлестіру қимылдарының даму ерекшеліктері.	2	0	2
4.9	Жобаны қорғау. Тестілеу	2	0	2
	Барлық сағат	40	20	20

Ескертпе: 1 академиялық сағат - 45 минут.

20. Күтілетін нәтижелер Бағдарламаның мақсаты және міндеттерімен өзара байланысты, олар педагогтердің кәсіби құзыреттерін кеңейтуге, жасанды интеллект (ИИ) және цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалану сияқты инновациялық технологиялар арқылы балаларды оқытуда жеке тәсілдерді қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған. Бұл балаларға ерте жастан бастап өз музыкалық дарындарын дамытуға және тек музыка саласында ғана емес, табысты мансап үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

21. Оқу процесін ұйымдастыру аудиториялық және қашықтықтан (онлайн) форматтағы сабақтарды өткізуді, сондай-ақ тыңдаушының дербес жұмысын қарастырады. Сабақ кестесін құру кезінде онлайн және офлайн режимдерінде қашықтықтан оқыту форматының ерекшелігі ескеріледі.

22. Курстың ұзақтығы 80 немесе 40 академиялық сағатты құрайды. Сабақ кестесін жасау кезінде оқу-тақырыптық жоспарда ғылым мен педагогикалық технологиялардың жаңартылуын ескере отырып, өзгерістерге жол беріледі.

23. Курстың білім беру процесі оқытудың интерактивті нысандарын қамтиды: дәрістер, практикалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар, тренингтер, шеберлік сыныптары, шағын топтарда жұмыс істеу, мәселелерді бірлесіп шешу, жобаларды қорғау, тестілеу.

24. Бағдарлама педагогтердің шығармашылығын таныту үшін дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, қажетті жағдай жасайды. Бағдарлама заманауи талаптарға сәйкес балаларға қосымша білім беру қызметін және даму үдерісін заңнамалық және нормативтік құқықтық, ғылыми-зерттеу, бағдарламалық-әдістемелік, практикалық қамтамасыз етуге, балаларға қосымша білім беру сапасын жетілдіру бойынша мақсаттылық, тұтастық және әрекеттердің жүйелілігін қамтамасыз етуге бағытталған теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды.

25. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан балаларға музыкалық бағытта қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандары, мәдениет және өнер қызметкерлері.

7-бөлім. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

26. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – Бағдарламаны іске асыруға арналған теориялық материалмен, оқу материалын меңгеру тапсырмаларымен және оларды өзін-өзі бағалау критерийлерімен ұсынылған дидактикалық материалдар.

27. Бағдарламаны іске асыруға арналған дидактикалық материалдар:

оқу-әдістемелік құралдар;

жаттықтырушы /педагог / тыңдаушыға арналған әдістемелік ұсынымдар;

теориялық сабақтардың материалдары;

практикалық сабақтардың материалдары;

білімді, іскерлікті, дағдыларды бақылау материалдары;

гlossарий (анықтамалық, сөздік);

презентация және үлестірмелі материалдар;

практикалық сабақтың әдістемелік материалдары;

аудио, бейне және мультимедиялық материалдар;

бейне сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар;

интернет ресурстары;
жасанды интеллект қосымшалары;
тыңдаушыларға негізгі және қосымша әдебиет ретінде ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізімі.

Оқу-әдістемелік кешендер басылым (кітаптар, кітапшалар) нұсқасында, сондай-ақ электронды түрде де қолданылуы мүмкін.

Курсты қашықтықтан өткізу кезінде теориялық және практикалық сабақтардың материалдары интернет платформада <https://edu.ziyatker.org/> орналастырылады

28. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету модульдер бойынша жүзеге асырылады:

1) нормативтік құқықтық модуль – Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері бойынша заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерімен;

2) психологиялық-педагогикалық модуль – электрондық оқыту ресурстарымен (аудио, бейне материалдары, анимация және суретпен сипаттау), тренингтің, практикалық сабақтың әдістемелік материалдарымен;

3) теориялық-технологиялық модуль – оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша бағдарламалармен, білім мазмұнын жаңарту бойынша әдістемелік ұсынымдармен, оқу-әдістемелік құралдарымен, оқу-анықтамалық (глоссарий, анықтамалық, сөздік және басқа) материалдарымен;

4) практикаға бағдарланған модуль – заманауи оқу-әдістемелік кешендердің, практикалық сабақтардың, шеберлік сыныптардың, тренингтердің, таныстырылым материалдарының әзірлемелерімен;

5) әр модуль – басылым немесе электронды нұсқадағы дәрістердің материалдарымен іске асырылады.

29. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар алған білімдерін өзін-өзі бағалау критерийі бойынша практикада қолдану туралы шығармашылық жобаларды қорғайтын болады.

8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау

30. Курс соңында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың білімдерін жаңарту, толықтыру және кәсіби құзыреттілік дағдыларын жетілдіру қарастырылады.

31. Оқу процесінің соңында тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында:

1) шығармашылық жобаны презентациялау;

2) қорытынды тестілеу жүргізіледі.

Білімді бағалау нәтижесінде максималды саны – 100 балл, шектеулі саны – 50 балл.

Тест сұрақтарының жалпы саны – 20. Әрбір дұрыс жауап үшін 2 балл

беріледі. Тест үшін барлығы – 40 балл. Тестілеудің шекті деңгейі – 20 балл.

Шығармашылық жоба қорғау – 40 балл.

Қосымша балл беріледі:

курсқа қатысқаны үшін – 10 балл;

сабақ кезіндегі белсенділігі үшін – 10 балл.

32. Курстың қорытындысы бойынша тест тапсырмалары мына білімге қатысты сұрақтарды қамтиды:

1) білім беру жүйесіндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;

2) қосымша музыкалық білім берудің оқу процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері;

3) шығармашылық қызмет үдерісіндегі психологиялық-педагогикалық аспектілер;

4) ішекті-ысқылы аспаптарда ойнауға оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістері.

33. Курс қорытындысы зерделенген модульдер бойынша жобаның таныстырылымын жеке немесе топта қорғауды көздейді.

34. Бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша тестті және шығармашылық жоба қорғауды бағалау өлшемдері.

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – педагог және бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінеді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдайды және жинақтайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – педагог және бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын жеткіліксіз біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінбейді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдай алмайды және жинақтай алмайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау

35. Курс тыңдаушысының қызметін курстан кейінгі қолдау деп курстар шеңберінде алынған педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды, оған курстан кейінгі кезеңде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесін қамтитын арнайы ұйымдастырылған процесс жүргізіледі.

Бұл процестің нәтижесі педагогтің кәсіби тәжірибесін түсіну, теорияны практикаға енгізу, өзін-өзі дамытуды өзектендіру, кәсіби табыс, жеке даму болып

табылады.

36. Педагогтерді курстан кейінгі қолдау курстан кейінгі кезеңде педагогтің кәсіби қызметінде сапалы өзгерістерге қол жеткізу үшін қашықтық форматта жүзеге асырылады.

37. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдау жүргізу нысандарына мыналар жатады:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (байқаулар, жарыстар, конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

38. Курстан кейінгі сүйемелдеу және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету әдістері мен тәсілдері анықталды.

Курстан кейінгі қолдау педагогтің курстарда қалыптастырылған құзыреттерді дамыту жөніндегі қызмет жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) әзірлеу және орындау арқылы іске асырылады.

39. Курстан кейінгі қолдау білім беру ұйымының деңгейін, өңірлік деңгейлерді және республикалық деңгейді қамтиды.

40. Білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі – ӘБ) педагогке жоспар әзірлеуде көмек көрсетеді.

Бірінші кезеңде білім беру ұйымы деңгейінде іс-шаралар жоспарланады. Жоспар ӘБ-те талқыланады және оны ұйым басшысы бекітеді. Жоспар курстан кейінгі қолдау шеңберінде балаларға қосымша білім беру бағыттарына сәйкес педагог таңдау бойынша ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, вебинарлар, семинарлар, байқаулар, жарыстар, тренингтер, жеке және топтық консультациялар, жарияланымдар және т.б. әзірлеу мен өткізуді қамтиды (кемінде 3 іс-шара).

41. Екінші кезеңде педагог Жоспарды жүзеге асырады, ал ӘБ педагогті сүйемелдейді: жоспарланған іс-шараларды әзірлеу кезінде кеңес береді, оларға қатысады, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады. Педагог әр іс-шара бойынша материалдарды әлеуметтік желілерде жариялайды.

42. Үшінші кезеңде педагог оқыту нәтижелерінің презентациясын педагог портфолиосын (немесе оның бөлімін), әдістемелік өнімді, әріптестерге арналған семинарды және т. б. ұсыну түрінде жүргізеді. Білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларды іске асырғаннан және оқыту нәтижелерін таныстырғаннан кейін ӘБ педагогке өз тәжірибесін ұйым деңгейінде дамытуды жалғастыруды немесе оны аудандық (қалалық), облыстық деңгейлерде ұсынуды ұсынуы мүмкін.

43. Ұйым деңгейінде өткізілген іс-шаралар оң нәтиже берген жағдайда педагог аудандық (қалалық), облыстық немесе республикалық деңгейдегі іс-шараларды жоспарлайды және іске асырады. Өңірлік ӘБ педагогке сөз сөйлеуге

дайындалуға, практиканы ресімдеуге көмектеседі. Қажет болған жағдайда әдіскерлер педагогтің сабақтарына қатысады, онымен өзара әрекеттеседі, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады.

44. Өңірлік деңгейде сәтті шығу, педагогикалық қоғамдастықтың практиканы қолдауы педагог тәжірибесін республикалық деңгейде таратуға, педагогті аудан (қала), облыс ӘБ-нің әдістемелік активіне қосуға мүмкіндік береді.

45. Республикалық деңгейде Курсты ұйымдастырушы жыл бойы курстан кейінгі әдістемелік қолдауды ұйымдастырады: педагогтердің республикалық вебинарларға, семинарларға, байқауларға, жарыстарға, конференцияларға қатысуы, оқу-әдістемелік материалдарды «Қосымша білім беру және тәрбие», журналында, www.ziyatker.org сайтында жариялауға таратылады.

46. Курстарда оқыған педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау қорытындылары бойынша білім беру ұйымы курсты ұйымдастырушыға курстан кейінгі кезеңде педагогтің қызметі туралы жиынтық мәтіндік есепті жыл сайын бірінші жартыжылдықта 1 маусымға дейін, екінші жартыжылдықта 1 қазанға дейін жібереді.

10-тарау. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

47. Курстың оқу процесін жүргізу барысында пайдаланылатын негізгі әдебиеттер тізімі:

- 1) Ауэр Л.С. Скрипкада ойнайтын менің мектебім. Скрипка классикасы туындыларының интерпретациясы - Мәскеу, 2023 ж.;
- 2) Григорян А.Г. Гамма және арпеджио скрипка үшін - Мәскеу, 2020 ж.;
- 3) Музыкалық тәрбиенің теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы, Радынова П., Комиссарова Л., Юрайт баспасы, 2020 ж.;
- 4) Музыкалық тәрбиенің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Жұмалиева Г., Сүлейменова Р. - Астана: Фолиант, 2018 ж.;
- 5) Аспаптану бойынша дәрістер. Оқу құралы. Кобина Л.И. - Мәскеу мемлекеттік музыка институты (МГИМ), 2023 ж.;
- 6) Музыкатанудағы жаңа әдістер. Оқу құралы. Векслер Ю.С. - Нижний Новгород мемлекеттік консерваториясы (МГК), 2022 ж.;
- 7) Музыкалық қабілеттер психологиясы. Теплов Б.М. - Мәскеу, Академия, 1997 ж.;
- 8) Музыкалық психология. Немогай С. - Минск, 2023 ж.;
- 9) Б.С. Қожамқұлова «Қазақ скрипка музыкасының хрестоматиясы» I-II бөлім. - Алматы, 2000 ж.;
- 10) <https://www.partita.ru/>;
- 11) <https://infolesson.kz/novye-metody-i-priemy-obucheniya-na-urokah-muzyki-soglasno-realizacii-fgos-i-ih-primeneniye-4316516.html>

12) <https://gonnasound.ru/tpost/iautefroe1-muzikalnie-tehnologii-buduschego-obzor-n>

48. Курстың оқу процесін жүргізу барысында пайдаланылатын қосымша әдебиеттер тізімі:

1) Халықтық музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету әдістемесі. Жалпы курс: Оқу құралы. Мицкевич Н.А. - Кемерово Мемлекеттік өнер және мәдениет университеті (КемМӨМУ), 2007 ж.;

2) Скрипка үшін таңдалған этюдтер 1-3 сынып ДМШ. Құрастырушылар: М.А.Гарлицкий, К.К.Родионов, К.А.Фортунатов. Мәскеу, 1985 ж.;

3) Түрлі мәдени ортада жанжалды жағдайларды шешудің әлеуметтік құзыреттілігін, төзімділігін және өзара іс-қимылын қалыптастыру. Білім беру жүйесінің басшыларына, психологтерге, педагогтерге және әлеуметтік қызметкерлерге арналған әдістемелік құрал. Асылбекова Л.Ө. - «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2013 ж.;

4) STEM білімін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар, И.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, 2017 ж.;

5) «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хат, И.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, Астана 2023.

6) Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері - «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2023 ж.;

7) Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды шығармашылық дамыту - «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Нұр-Сұлтан, 2020 ж.;

8) «Балалардың көркем-эстетикалық шығармашылығы (музыкалық, көркемдік, сәндік-қолданбалы, театралдық, хореографиялық, кино және т.б.)» бейнесабақтары (12 бейнесабақ) - «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Нұр-Сұлтан, 2020 ж <https://www.ziyatker.org/110>